

**Кентау қаласының білім бөлімінің
ЖШС «Дин-Асыл-2» бөбекжай-балабақшасы.**

Бұйрық № 227 п/к

Кентау қаласы

29 тамыз 2025 ж

**«Педагогикалық әдеп
кеңесін құру туралы»**

Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрлігінің 2020жылдың 26 тамыздағы №2-093/3156 И хатын, 2019 жылғы 27 желтоқсандағы №293-VI «Педагог мәртебесі туралы» Қазақстан Республикасының Заңының 16 бабын, сыбайлас жемқорлыққа қарсы саясатты жүзеге асыру, білім беру ұйымдарында парасаттылық мәдениетті қалыптастыру, сондай-ақ қызмет әдеп нормаларын сақтау және заңнама бұзушылықтарының алдын алу мақсатында
БҰЙЫРАМЫН:

Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрінің 2020 жылдың 11 мамырындағы №190 бұйрығының 2 қосымшасы негізінде ЖШС «Дин-Асыл-2» бөбекжай-балабақшасында төмендегі құрамда педагогикалық әдеп кеңесі құрылсын;

- 1.Б.Н.Мусабаева –меңгеруші, Кеңес төрайымы
- 2.Акжигитова А.–педагог-психолог,Кеңес мүшесі
- 3.Қалдыбек Ж.М- зейнеткер ұстаз, Кеңес мүшесі
- 4.Бейсембаева Р.К –Ер Төстік балабақшасының меңгерушісі, Кеңес мүшесі
5. Дүйсенбаева Б- зейнеткер ұстаз, Кеңес мүшесі
- 6.Юнусова Р.К -тәрбиеші, Кеңес хатшысы

1. Педагогикалық әдеп кеңесінің хатшысы Р.К.Юнусоваға тағайындалып, кеңестің іс-қағаздарын жүргізуді қамтамасыз етсін.
2. Осы бұйрықтың орындалуын қадағалауды өзіме қалдырамын.

**Балабақша
Меңгерушісі :**



Б.Н.Мусабаева

Бұйрықпен таныстым:

Ахметов А

(Т.А.Ә)

Надирбек Н. И

(Т.А.Ә)

Бейсенбаева Р. К

(Т.А.Ә)

Дүйсенбаева Б

(Т.А.Ә)

Нурсова Р. К.

(Т.А.Ә)

Ахметов А

(қолы)

Надирбек Н. И

(қолы)

Бейсенбаева Р. К

(қолы)

Дүйсенбаева Б

(қолы)

Нурсова Р. К.

(қолы)

29.08.2025 ж

(күні)

29.08.2025 ж

(күні)

29.08.2025 ж

(күні)

29.08.2025 ж

(күні)

29.08.2025 ж

(күні)

ЖШС «Дип-Асыл-2»бөбекжай
балабақшасының педагогикалық әдеп кеңесі отырысының жұмыс
жоспары
2025-2026 оқу жылы

Әдеп кеңесінің төрайымы: Мусабаева Б.Н

Әдеп кеңесінің хатшысы: Юнусова Р.К.

№	Іс-шаралар	Мерзімі	Жауапты
1	Әдепкеңесінің құрамын бекіту және 2025–2026 оқу жылына арналған жұмыс жоспарымен таныстыру	Қыркүйек 2025 ж.	Мусабаева Б
2	Педагогтер мен қызметкерлердің қызметтік әдеп нормаларын сақтау талаптарын түрлі түсіндіру жұмысы	Қыркүйек 2025 ж.	Мусабаева Б. Юнусова Р
3	Педагогтің кәсіби мәдениеті және тәрбиеленушілермен қарым-қатынас әдебі	Қараша 2025 ж.	Әдепкеңесі
4	Ата-аналармен қарым-қатынаста педагогикалық әдепті сақтау	Қаңтар 2026 ж.	Мусабаева Б
5	Ұжымдағы өзарасыйластық, мәдени қарым-қатынас және жағымды психологиялық ахуал	Наурыз 2026 ж.	Әдепкеңесі
6	Әдеп нормаларының сақталуы бойынша жүргізілген жұмыстың қорытындылауы	Мамыр 2026 ж.	Мусабаева Б Юнусова Р

Күтілетін нәтиже:

- балабақша қызметкерлерінің кәсіби әдеп талаптарын білуі және сақтауы;
- тәрбиеленушілерге ізгілік пен құрметке негізделген қарым-қатынастың қалыптасуы;
- ата-аналармен мәдени және кәсіби қарым-қатынастың нығайтуы;
- ұжымда өзарасыйластық пен жағымды психологиялық ахуалдың қалыптасуы;
- қызметкерлердің кәсіби жауапкершілігінің арттыруы.

ЖНПС «Дин-Асыл-2» бөбекжай-балабақшасы
Педагогикалық әдеп жөніндегі кеңес отырысының
№ 1 хаттамасы

Қатысқандар: 16

Күн тәртібінде

Өткізілген күні: «02» қазан 2025 жыл

Өткізілген орны: балабақша мәжіліс бөлмесі

Әдеп кеңесінің төрағасы: Мусабаева Б

Әдеп кеңесінің хатшысы: Юнусова Р

Қатысқандар: Әдеп кеңесінің мүшелері, балабақша педагогтері мен қызметкерлері.

КҮН ТӘРТІБІ:

1. 2025–2026 оқу жылына арналған Әдеп кеңесінің жұмыс жоспарын бекіту.
2. Қызметкерлердің қызметтік әдеп нормаларын сақтау.
3. Педагогтердің кәсіби мәдениеті мен жауапкершілігі.

ТЫҢДАЛДЫ:

Бірінші мәселе бойынша Әдеп кеңесінің төрағасы **Мусабаева Ботакөз** сөз сөйледі. Ол 2025–2026 оқу жылында Әдеп кеңесінің атқаратын жұмыстарына тоқталып, кеңестің негізгі мақсаты балабақша қызметкерлерінің кәсіби әдеп талаптарын сақтауына ықпал ету, ұжымда жағымды қарым-қатынас қалыптастыру және тәрбиеленушілердің құқықтары мен мүдделерін қорғауға бағытталған жұмыстарды ұйымдастыру екенін атап өтті.

Екінші мәселе бойынша қызметкерлердің қызметтік міндеттерін адал және жауапкершілікпен орындауы, әріптестерімен, ата-аналармен және тәрбиеленушілермен қарым-қатынаста әдептілік пен мәдениеттілік танытуы туралы түсіндіру жұмысы жүргізілді.

Үшінші мәселе бойынша педагогтердің кәсіби мәдениеті, сөйлеу әдебі, сыртқы келбеті, жұмыс тәртібін сақтау және әріптестермен өзара сыйластықта жұмыс жасау мәселелері қарастырылды.

СӨЙЛЕДІ:

Қалдыбек Жанерке. – қызметтік әдеп нормаларын сақтау ұжымдағы өзара түсіністік пен сенімді арттыратынын атап өтті.

Ақжигитова Ақшолпан – педагогтің кәсіби мәдениеті оның балалар мен және ата-аналармен қарым-қатынасынан көрінетінін айтты.

ҚАУЛЫ:

1. 2025–2026 оқу жылына арналған Әдеп кеңесінің жұмыс жоспары бекітілсін.
2. Балабақша қызметкерлері қызметтік әдеп нормаларын сақтасын.
3. Педагогтер тәрбиеленушілермен және ата-аналармен қарым-қатынаста сыпайылық, ізгілік және кәсіби мәдениет талаптарын ұстансын.
4. Әдеп нормаларын сақтау бойынша түсіндіру жұмыстары жүйелі жүргізілсін.



Төрайым:

Хатшы:

[Signature of B. N. Musaeva]
[Signature of R. K. Yunusova]

Мусабаева Б.Н.


Юнусова Р.К.

Өткізілген күні: «26» қараша 2025 жыл
Өткізілген орны: балабақша мәжіліс бөлмесі
Әдеп кеңесінің төрағасы: Мусабаева Б
Әдеп кеңесінің хатшысы: Юнусова Р.

1. Педагогтің кәсіби мәдениеті және тәрбиеленушілермен қарым-қатынас әдебі.
2. Баланың жеке тұлғасын құрметтеу.
3. Педагогикалық әдеп нормаларын сақтау.

1. Тәрбиеленушілермен қарым-қатынас тапедагогикалық әдеп нормалары қатаң сақталсын.
2. Әр баланың жеке тұлғасы мен қадір-қасиетіне құрметпен қарау қамтамасыз етілсін.
3. Педагогтерге дөрекі сөйлеуге, дауыс көтеруге және баланы кемсітуге жол бермеу ескертілсін.
4. Балаларға қолайлы және қауіпсіз психологиялық орта қалыптастыру жұмыстары жалғастырылсын.

Юнусова Р.К



ЖШС «Дин-Асыл-2» бобекжай-балабақшасы

Педагогикалық әдеп жөніндегі кеңес отырысының
№ 3 хаттамасы

Қатысқандар: 15

Күн тәртібінде

Өткізілген күні: «28» қаңтар 2026 жыл

Өткізілген орны: балабақша мәжіліс бөлмесі

Әдепкеңесінің төрағасы: Мусабаева Б

Әдепкеңесінің хатшысы: Юнусова Р

КҮН ТӘРТІБІ:

1. Ата-аналармен қарым-қатынас та педагогикалық әдепті сақтау.
2. Балабақша мен ата-ана арасындағы өзара ынтымақтастық.
3. Қызметтік ақпаратты сақтау және кәсіби жауапкершілік.

ТЫҢДАЛДЫ:

Бірінші мәселе бойынша ата-аналармен қарым-қатынас мәдениеті туралы сөз сөйледі. Педагог ата-анамен сөйлесу кезінде сыпайылық, әдептілік және кәсіби мәдениет талаптарын сақтауы қажет екені айтылды.

Ата-аналардың сұрақтары мен ұсыныстарына құрметпен қарау, баланың дамуы мен тәрбиесіне қатысты мәселелерді бірлесіп шешу, түсініспеушіліктерді мәдениетті түрде реттеу қажеттігі түсіндірілді.

Екінші мәселе бойынша балабақша мен отбасы арасындағы ынтымақтастықтың маңызы талқыланды. Бала тәрбиесінде педагог пен ата-ананың өзара түсіністігі мен бірлескен әрекеті маңызды екені атап өтілді.

Үшінші мәселе бойынша қызметтік ақпараттың құпиялылығын сақтау және тәрбиеленушілер туралы мәліметтерді жауапкершілікпен пайдалану қажеттігі айтылды.


СӨЙЛЕДІ:


Қалдыбек Жанерке – ата-анамен дұрыс қарым-қатынас орнату баланың тәрбиесі мен дамуына оң әсер ететінін айтты.

Дүйсенбаева Бибисара – ата-аналардың пікірін тыңдау және олармен серіктестік қарым-қатынас жасау қажеттігін атап өтті.

ҚАУЛЫ:

1. Ата-аналармен қарым-қатынаста педагогикалық әдеп нормалары сақталсын.
2. Ата-аналардың ұсыныстары мен өтініштеріне мәдениетті әрі жауапты түрде қаралсын.
3. Балабақша мен отбасы арасындағы ынтымақтастықты нығайту жұмыстары жалғастырылсын.
4. Тәрбиеленушілер туралы қызметтік ақпараттың құпиялылығы сақталсын.
5. Педагогтердің кәсіби жауапкершілігін арттыру бойынша түсіндіру жұмыстары жүргізілсін.

Төрайым:  Б.Н.Мусабаева

Хатшы:  Р.К.Юнусова



ЖШС «Дин-Асыл-2» бөбекжай-балабақшасы

Педагогикалық әдеп жөніндегі кеңес отырысының

№ 4 хаттамасы

Қатысқандар: 16

Күн тәртібінде

Өткізілген күні: «16» наурыз 2026 жыл

Өткізілген орны: балабақша мәжіліс бөлмесі

Әдепкеңесінің төрағасы: Мусабаева Б.Н.

Әдепкеңесінің хатшысы: Юнусова Р.К.

КҮН ТӘРТІБІ:

1. Ұжымдағы өзара сыйластық және мәдени қарым-қатынас.
2. Қызметтік тәртіп пен кәсіби жауапкершілікті сақтау.
3. 2025–2026 оқу жылында Әдеп кеңесі жұмысының орындалу барысы.

ТЫҢДАЛДЫ:

Бірінші мәселе бойынша **Мусабаева Б.** ұжымдағы өзара сыйластық пен жағымды психологиялық ахуалдың маңызы туралы айтты.

Әр қызметкердің әріптесіне құрметпен қарауы, өзара көмек көрсетуі, пікірлерді сабырлы түрде тыңдауы және келіспеушілік жағдайында мәселені мәдениетті түрде шешуі қажеттігі атап өтілді.

Екінші мәселе бойынша қызметтік тәртіпті сақтау, жұмыс уақытын тиімді пайдалану, өз міндеттерін уақытында орындау және ұжымдық жауапкершілік мәселелері талқыланды.

Үшінші мәселе бойынша Әдеп кеңесінің оқу жылының басынан бері атқарған жұмыстарына талдау жасалды. Қызметкерлерге әдеп нормаларын сақтау бойынша түсіндіру жұмыстары жүргізілгені айтылды.

СӨЙЛЕДІ:

Бейсембаева Р. – ұжымдағы жақсы қарым-қатынас әр қызметкердің мәдениеті мен жауапкершілігіне байланысты екенін айтты.

Қалдыбек Жанерке – кәсіби әдепті сақтау балабақшадағы жұмыс сапасына оң ықпал ететінін атап өтті.

ҚАУЛЫ:

1. Балабақша ұжымында өзара сыйластық пен мәдени қарым-қатынас сақталсын.
2. Қызметкерлер қызметтік тәртіп талаптарын орындауға жауапкершілікпен қарасын.
3. Әріптестер арасында туындаған мәселелерді өзара түсіністік және әдептілік қағидалары негізінде шешу ұсынылсын.
4. Әдеп кеңесінің 2025–2026 оқу жылында атқарған жұмыстары қанағаттанарлық деп бағалансын.
5. Әдеп нормаларын сақтау бағытындағы жұмыстар оқу жылының соңына дейін жалғастырылсын.



Төрағым:

Хатшы:

Б.Н. Мусабаева.

Юнусова Р.К.